

ИЛНЯС
ЖАНСУГИРОВ

л 2007

1184к



Книга II
Хасенов
Мадх.
2. Кокеев,
19 $\frac{8}{4}$ 60 2.

ІЛНІЯС ЖАНСҮГІРОВ

ШЫҒАРМАЛАР

ЕКІНШІ ТОМ



ПОЭМАЛАР



ҚАЗАҚТЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК
Көркем Әдебиет Баспасы
АЛМАТЫ • 1966

Құрастырғандар:
А. Сүлеев, Ғ. Орманов

Редколлегия мүшелері:
Х. Жұмалиев, М. Қаратаев, Ғ. Орманов,
Ф. Ғабитова, Қ. Бекхожин, С. Сеитов,
А. Сүлеев.

Жалпы редакциясын басқарғандар:
Х. Жұмалиев, М. Қаратаев.

1 9 2 3 — 1 9 3 3

МАҚПАЛ

(Бітпеген поэма)

Өр Іле, өргек Іле, ұшан Іле;
Осқырып ұлы асқарды құшады Іле.
Қайсарын Қас, Көңестің қосарына ап,
Текестің тентегін ап жетегіне.

Арқырап Алатауды у-шу қылып,
Бұркырап бурадайын құсады Іле.
Тау бұзып, тасты сүзіп, жарды жарып,
Бұлқынып бұйра құмды құшады Іле.

Көктөбе, Үшқарқара — жер жаннатын
Өзінің өлкесіне қосады Іле.
Сол жерді қоныстаған Албандағы
Болған іс кеше — мұнда осы әңгіме.

Егіз ел ежелгіден Албан, Бұғы;
Белгілі қашан қоныс алғандығы:
Кешегі Кенесары ауғынынан
Ертерек Албан өрге барғандығы.

Белгілі: бек болғаны хан Тезектің,
Ұлыжүз баласына Байдыбектің.
Іленің екі жүзін төре сұрап
Тұрғаны Жалайырда төре Сөктің.

Түйісіп Түркстанға тиген әскер,
Қоқанға қоштасқаны хан мен бектің.

Тараншы таз сұлтаннан медет тілеп,
Сасқаны Сауырық пен Тазабектің

Асаудан азу мұқап, нокта киіп,
Боз тоқты — бодам болып, тозғаны екпін
Десек те сол заманды күні кеше,
Талай жыл, талай өмір, өтті-ау көп күн

Қарқара — ел бесігі, жер анасы,
Қарлы ала — ел несібі, ел анасы.
Жел желпіп, бұлт белеген, нұр шомылтып,
Керілген кербез асқар кер аласы.

Мылқау күз, саңырау сай, меңіреу шоқы,
Қас жақпар, қайсар қия, тақыс тасы
Қәрі қар мәңгі-мүңгі мұз жамылған,
Тасында тағы орғытқан сай-саласы.

Мәңгіден мәңкіген су, мәңреген сүт,
Исінген, елжіреген ен даласы.
Текті құс, тентек Ұзақ өскен сонда
Саурықтың анау айтқан бел баласы

Ұр шокпар, Ұзақ о жар, тентек, қияс;
Қиямпаз, қиын, қикар, қайрымы аз:
«Ұзақ — мұз, Ұзақ — аю, Ұзақ — батыр» —
Дейтіні Албандардың әлі де рас.

Итпелеп ұлықтарды дегенімен
Қолынан тарайды-мыс сайлау — сияз
Ұзақтай қайрымы жоқ қатал жанға
Қыз біткен Мақпал атты өмірі тым аз

От болып Албан, Бұғы ортасына,
Ұлы сөз, ұлық алды болған бір жаз
Қаздайық қарға қайтқан қанын шашып,
Қара көі қара кекке болған нияз.

Ұзақ өр қазақ түгіл орысыңа,
Ол тоқпақ өзі қойған болысына
Өйткені ел жуаны, ру басы,
Ұлық та қарайлаған сонысына

Өлді Ұзақ оналтыншы жылда ұсталып,
Осы елдің көтерілген соғысында
Орғымай оралайын ойдағыға,
Қызықпай тоғыз сөздің тоғысына.
Ұзақтың аулын әкеп қондыралық,
Дейтуғын Таңбалытас қонысына.

Г

Күн батты, жұлдыз шықты, жабылды ымырт.
Шөгісті, қонды асқарға мұнар, бұлт.
Ел жатты. Жылқы жусау. Тоғай тынды.
От сөнді. Қатын қайтты қайнатқан күрт

Тыншықты күркілдеген кемпір-шал да,
Тыншықты күйістегі жақын мал да.
Жалғыз-ақ тыныш үйқылы түнді оятып,
Маң төбет маңқылдайды анда-санда.

Ай қандай, ауыл қандай жайлаудағы,
Қысырақ жусап тұрған салмаудағы;
Қарағай қарабаран қарауытқан,
Мұз-сәуле шағылысса тау-таудағы.

Сүйініп сол суретке мүлгіп жатқан,
Кісі ақмақ — құр көрікке құмартқан.
Бақ емес — байымдасаң — бай табиғат,
Бәрі сор — шерлі жанның күйін тартқан

Асқары — асырмайтын бөгеудейін,
Шалғыны — жан жаралап егеудейін,
Самалы — жүрегінді жүла жалмап,
Су сөзі — «кел қосыла бебеулейін».

Қалың жау — қарағайы найза асынған,
Қайыңы — арашашы, майдасынған.
Тастары — оқ, туы — тұман сықылданып,
Шакшиса асқар көзі — ай басынан.

Телміріп, көкке өрлеген Алатаудың
Не заңғар биігі бар нелер зәулім

Тантытқан татқан жанды бұлағы бар,
От жаққан уытына бас асаудың.

Тербеткен махаббаттың күйін ащы,
Осы күй ұйықтата ма ойлы жасты.
Айды аңдып шабансары жанасқанда,
Іренжіп ернін ақ үй ептеп ашты.

Жабырқап жатыр жусап жаратылыс,
Бермеді түнерген түн қызға дыбыс.
Шошымал шолпы, шашбау сылдырады,
Жалғыз-ақ сыртылдады күміс кебіс

Осының ойысқаны ойдым өзек,
Сылдырлап, сорлы руы қаққан безек
Қусырып қос тізені кол айқасты,
Бәйшешек исін бүркті кезек-кезек

Ақ көйлек күңгірттенді күрең барқыт,
Ақ маңдай ай аялап етті жалт-жұлт
Шалғынды шайқай соғып самал сүйді,
Отырды шашы шалқып, бойы балқып.

Керілді кербез марал, келіскен қыз,
Тулаған тонды жүрек, қыз — болды мүз
Құбылған құйын сезім қолды қағып,
Еңкейіп оң жағынан жұлды жалбыз.

Аймалап ақ танауын жалбыз құшты,
Кеулеп иіс кеуілжірден ойға түсті:
«Жұлындың жүрегімнің жұмсауымен,
Жалбызым, жүрек күшті, тағдыр күшті

Жас жалбыз, мен де жалғыз, сен де жалғыз,
Жастықта жақсы өмірге ынтызармыз.
Сенде жаз, менде жастық — ол улы өмір
Атантқан сені курай, мені — кәрі қыз.

Көгілжіп күн лебінде гүлдедің сен,
Ләл менше ізденбедің, жүрмедің сен
Өзінді **өзімдей** деп жақын тартып,
Жұлдым мен, иіскедім, біл мәнісін

Аламын қандай ләззәт анау айдан?
О да мұз — мұздың көзі бажырайған.
Ерік жоқ онда дағы мен сықылды,
Өзге үшін өзін тағдыр байлап қойған.

Жел анау таудан тауға тентіреген.
Бұлт анау желмен бірге жетеленген.
Өмірге уанбаған зарлы бұлақ,
Еңіреп ерте-кеште ентелеген.

Қарағай — қайғылы о да мызғып тұрған,
Қазақтай қаптап қалың — қыз бақтырған.
Даурыққан долы дауыл араласса,
Тағдыры мұның дағы мұз қаптырған.

Жер анау күрең қабақ маужыраған;
Көк анау көзі мендей жаудыраған.
Күрсінген көңіліме көрікті түн,
Есітем жалғыз шуды тау жылаған.

Қыз сорлы — қазақ деген елге біткен,
Біз сорлы — ерігіне еңіреп өткен.
Жанымның жарасына ем жаратылыс,
Жарама қылығың не бұрыш сепкен?

Желді тый, аз аялдат судың шуын,
Қалғымай салсын құлақ тоғай, нуың
Бай қоныс, қойыныңа бейбақ келді,
Жеңілдет жан ауруын, өмір уын.

Сыр тында, сылдырама, әсем камыс,
Егер де көкейіңе конса ол іс.
Мейілің күл, мейілің күрсін, мұңым мұным.
Сияқты сорлы жанға сөйлеу борыш.

Қазақтың қыз болсам да баласымын.
Малымын мен, бересімін, аласымын.
Туғызған бақытсыз ғып мені мұнша
Алдымен, дүние, саған наразымын

Ерікті, игілікті, үлгі көрген,
Туғызсан болмас па еді тең ғып ермен.

«Құлым» деп қу құдайдың қорғауы жоқ,
Бір жебеу көрмей барам өлгендерден

Адам бар ісі бейне, даладағы аң,
Аң етіп, надан етіп байлаған заң.
Қан кешкен қабырғадан қара күнде
Ат арты күң болмап па ед Айман, Шолпан

Болсын деп айтқан бар ма адам айуан?
Болмаса айуанша жаза қайдан?
Еңлікгі Мамырменен кайтты олар,
Еңіреп өтпеді ме сұлу Баян?

Жыласқан көп асылға, көп есілге,
Су, соны сақтамап па ен сен есіңе?
Жетелеп жетім қызды жылатып жұрт,
Тікпеп пе ед талай аттың бәйгесіне?

Қорқау құз — кәрі қуа, мінезі ауыр,
Не қылды айт, әйеліне сендегі ауыл?
Тас тағдыр талай жасты таптамап па ед,
Не боп ед талай асық, талай бауыр?

Кім барды таңдауымен сүйгеніне,
«Сатпайын, ерік өзінде, сүй» деді ме?
Не жесір — әменгердің намысына,
Не өндірі үштен, төрттен тимеді ме?

Солардың соры қалың мен де бірі,
Оны айтып жатыр әні судың үні.
Жараны жанша басып жаратылыс,
Деп тұрсың «сен де құрман» бәрің міні

Шығалман құрық алып, шындап ұзап,
Қояр ма ұзасам да түскен тұзақ?
Тор тұсап, тұзақ бүрген торғай едім,
Тұзағын жазар ма екен әкем Ұзақ.

Кете алмай құрық алып көптен ұзап,
Артым жау, айналам ор, алдым тұзақ.
Тағдырдың талын қармап ұстай алмай,
Өмірдің өзенінде тұрмын мұздап.

Румен атастырған Көбен деген,
Көбенге шынымен-ақ кетер ме екем?
Сасық бай, былшық, ынжық, кылшық айран,
Ел еді Көбен көділін көтермеген .

Тас тағдыр, осы ма әлі бастағанын,
Осы ма арсыз аруақ қостағаның?
Жанды өлік, жаралы оймен өмір өтіп,
Өттім бе күнін күтіп жас баланың.

Жақсы жан ойы, бойы өзіме тең
Кетті ме кездеспей-ақ бұдан бөтен.
Ұзақтың оқпанына мал тығындап,
Шынымен алғаны ма осы Көбен?

Сылдырлап жуалмаса іштен дертті,
Сыңқылдап бұлақ неге шерді шертті?
Ал, алда, не болмаса тілегім бер,
Ай, айғақ болшы, міні — айттым сертті».

Деді де акырын тұрып, қайта басты,
Көбісі сылдыратты малта тасты.
Ай бозаң, жұлдыз біткен жадау тартып,
Тамылжып таң қылаңдап жабық ашты.

Атырып алакеуең ақ таңдақты,
Ақырын ақ мысықтай Мақпал жатты.
Белдеуден таң асқан ат жіберіліп,
Алыста Саумен сопы азандатты.

II

Тандыр тас, талайсыз тас, таңбалы тас,
Тағдырын талай жастың алғалы тас —
Біткен тас. Талай-талай зарыққан жас,
Өрт өмір, өзен көзді, арманы — тас.

Текес тас, көлбеп көктен көсілген тас,
Өмірін талай жастың өшірген тас.

Тарихтық таңы атпастан ерте жасап,
Талайды қазақ түгіл көшірген тас.

Текес тең — әулиеге¹ Мұзарт түгіл,
Биігін безеп батад қызартып күн.
Тепсінткен не тентекті тарпан Текес²
Саурықты сақылдатқан Ұзақ түгіл.

Тоқтаман таудың, тастық тансығына,
Тартайын әңгіменің дәл шынына.
Бұғыда Балта дейтін маңғаз манап
Саурықпен бола қапты қарсы күда.

Ұзақтың баста айттырған бәйбішесі —
Балтаның бәйбішеден сүт кенжесі.
Саурықтың үшеуінің ортаншысы —
Балтаның інісінің қайын енесі.

Боп жүрді екі жағы тәтті күда,
Бой жетті екі қыз да болып бұла.
Отаулап қырғыз қызын Ұзақ алды,
Балта бай беріп болды бәрін бү да.

Кешікпей Саурық өлді, Ұзақ калды,
Қырғызға қызды ойламады ұзатқанды
Оппа опқан, қорқау құлқын Ұзақ жеуіп,
Қырғыздың қыз алуы ұзап қалды.

Қанбады қалың малға мешкей Ұзақ,
Қырғызға қылды дағы қызды тұзақ
Түс салды қалап жүйрік тор төбелге,
Озбаған тойда-топта қырғыз-қазақ.

Ат жанды, көлік күткен Балта манап,
Ұзаққа берілмеді тор төбел ат.
Сынды Ұзақ. Кектенді Ұзақ, бұзды бата,
Бұзылды екі арасын ант аралап.

Қалының қаурт алып, қарындасын
Біреуге ұзатты Ұзақ. Тауын-тасын

¹ Текес — бұл жерде шоқы.

² Текес — бұл жерде су.

Текестің, Түптің жортып жортуылшы,
Екі жақ дүрідетті барымтасын.

Жау-жорық, айқай-аттан, түні түтін,
Болмады ұлан жаздай ірге бүтін.
Кісі өліп, қырғыз жағы құндыкер боп,
Аяғын өлім сарқып, болды бітім.

Бұғы, Албан — жалаулы жау, тулы түспан.
Бұғы, Албан — қимас құда кой сойысқан,
Жапсар ел шабысатын, табысатын,
Төсекте, төскейде мал, бас қосысқан.

Екі жау — Үзақ, Балта ескі сүйек,
Жарасып және болды жақсы сүйек.
Алысқа, араласып, азаласып,
Табысты: тату құда тәтті сүйек.

Кісі емес екеуі де жөбшенді,

Қан жуып ат өкпесін, жесір кегін,
Кір тарқап, кіна кетті, кегі сөнді.

III

Таусылды талай қыстар, талай жаздар,
Талай қар тауысты тау, талай мұздар.
Ат болып ауыздықты талай құлын,
Қатын боп ұзатылды талай қыздар.

Албанда Саурық ауылы жуан ауыл,
Басы өскен, дәулет біткен бұған ауыр.
Елше екшеп, ауылша атап, Албанша айтсақ,
«Нар шөккен, аруақ аунап, дуалы ауыл».

Үзақтың Албан қарады ауызына,
Сиғызды бір тарының қауызына.

Ұлықта тілмаш, ояз тамырласып...
Айналды тары терген тауығына.

Ойнақы, түйғын табет, шаршы, тапал,
Ор көздеу, Ұзақ қара, шокша сақал,
Кісі еді ұрма-жықпа, ұрма-киме,
Көмейден «р» ды айтатын тілі сақау.

Ұзағын ұғындырдым бір қатарлы,
Саурықтың мал баққан бай Тұңғатары.
Кенжесі албыт, асау Қожаберген
Жолбарыс, қан шеңгелдің бір қаталы.

Ендеше осы ауылда ел иесі,
Таңбатас, Текестейін жер иесі.
Қазығы қазақы әдет, кек, намыстың
Ендеше осы ауылда шер иесі,

Ол кім еді? Мақпал еді тоқал тапқан,
Өсіріп, көргенді, есті ана баққан.
Әлі ерке, арсандаған ана алдында,
Әлі ерте қыз болуға шолпы таққан.

Әлі ерке, жеткіншекті сап-салмақты,
Деуге ерте: ақ тамақты, ақ бармақты.
Көруге әлден сұлу асықпандар,
Көр де қой әзірінше ақ тайлақты.

Тұңғатар абыз болған алдалаған,
Жимаған жұрттан малын колдан алған.
Діндарман, шарифаттың шартын құптап,
Аулына Асан дейтін молданы алған.

Таныған ақтан қара Асан да Албан,
Жасында өлеңші боп әнге салған.
Тапсырып тіршіліктің тауқыметі
Кезінде молда болған нашарланған.

Оқитын Ұзақ намаз оразада.
Онымен «ойнамайтын» молда-кожа.
Күндегі бес уақпен санаспайтын,
Кірмесе анда-санда жаназаға.

Тегі Үзак ұнатпаған молданы да,
Білмейтін оқыған не болғанын да.
Анасы Асанға әкеп қызын берген,
Баланың ана шіркін қорғаны да.

Қараңғы, бірақ бұлбұл ақын Асан,
Кұраннан өлең-сөзге жақын Асан.
Жыр жазып, асық жардан әңгіме айтып,
Мақпалға сана салған әлде қашан.

Асанды аса тартып қыздың жаны,
Толкытып «Қыз Жібектің» қыздырғаны.
Оқытып Жүсіп пенен Зылиқаны,
Тыңдаған таңға талмай Нұрғызарды.

Асықтың Қозы Көрпеш, Баяндайын,
Баяндап ұғындырған Асан жайын.
Оқыған жалынған соң әндеп, дәмдеп,
Кітапты Сейпілмәлік, Жамалдайын.

Жас жүрек жаны сондайды азық қылған,
Асанды азығына қазық қылған.
Асылды анадан соң Асан баулып,
Кұранды аз ұқтырған, аз жұқтырған.

Ақ ауыл. Алатауда арша балақ,
Ақша күс, абылайша окшауырақ.
Оқытты дүрелемей, төбелемей,
Баланы Асан сөзбен: «қарақ, шырақ».

Баласы Балта байдың Шабденбекті,
Оны да Асанға әкеп беріп кетті.
Бірге оқып, Мақпал оны «нағашым» деп,
Бірге өсті, бірге жүрді балдан тәтті.

Бү дағы бала болды балғын, есті.
Қысы-жаз апасының қолында өсті.
Арқардың егіз екі қозысындай,
Жемісті Асан шашқан бірге жесті.

Алғы күн ашсын жастын бешенесін,
Көгертсін көп алғысы көсегесін.

Кос шыбык, балғын жастар балдан тату,
Айқасып құлын, тайдай есе берсін.

IV

Жылан жұт. Жұтады жұрт боп ақсүйек.
Аштықпен қарбаласып қалың сүзөк.
Қақтырмай канаттыға әлпештеген
Анасын Мақпал сордың алды сүзек.

Анасы ауруынан шошып айтқан,
Ұзақтың қаталдығын қосып айтқан.
Мақпалын шақырып ап, басын сипап,
Есінен танбай тұрып осыны айтқан:

«Түнғышым, тұнық алдым, Мақпал балам,
Аялап алақанда баккан, балам.
Жалғызым жайрандайсың, ойланбайсың,
Жоқ саған алдындағы жатқан анаң.

Арманым, ауыруым жүрегімде:
Қоспадым сені сүйген біреуіңе.
Кім қарар қабағыңа, жан ашыр кім,
Көрерсін бәрін дағы жүре-жүре.

Ұзақтың ойсырады малы жұтап,
Апшысы қуырылды осы күн-ақ.
Ой балам, өміріңнің улы өлеңін
Өлмеген айтар ауыз, тыңдар құлақ.

Мен өлем, жаназалап көрге апарад...
Көрмеймін сені мүлде... қарге салад...»
Мақпалдың жаны шошып, аузын басып,
Арғысын айттырмаған «өлме апалап».

Биедей оқыраныш құлындаған,
Ананың ауру жаны дуылдаған.
Өмірден усыз жастың уыз ойы
Ананың анау сөзін ұғынбаған...

РУСТЕМ ҚЫРҒЫНЫ

Өңменшіл о жар емір жай тұрмайды,
Әңгіме бір-ақ түгел айтылмайды.
Әңгіме толық түрмен түгел шықса,
Өмірін өткен күннің айқындайды.

Әңгіме жансар, жарым, жұлма шықса,
Сөз емес,
 қара қарға қарқылдайды.
Бұлбұл үн, семіз сөзге ән айқасса,
Әні ағын, сонда таудан аңқылдайды.

Шебер сөз шешен айтса сылдырлайды,
Сәулесі көкейді алып бұлдырлайды.
Ежелден ел бұлбұлы ақын шіркін
Ән салад, әңгіме айтад, жыр жырлайды.'

Алдыңа сырды, шынды тастай қалап,
Көп көңілін күмән,
 күдік қалдырмайды.
Жыршы олақ, ақын аңғал, о жар болса,
Баладай тілі шыққан былдырлайды.

Сүйтсе де әркім өзін есті есептер,
Нарықтап базар бір-ақ бұл қылмайды.
Бағаны базаршылар бере жатар,
Ел салтын біз жырламай кім жырлайды.

Жетісу — Үйсін, Найман қоныстаған,
Кезінде орта жүзді орыс алған.
Қарады түгелімен Арғын, Найман,
Қалпымен Қаракерей будам болып,
Күні еді Садырдың да қарап қалған.

Қоқанның ол уақытта құлқынында ед
Ұлы жүз — Үйсін, Суан, Дулат, Албан.
Орыстағы Орта жүзден бөлектеніп,
Өте үрікті Матай біткен Қараталдан.

Матайдың сол келгені Іле бойы,
Ыңырсид көшкен елдің жылқы, қойы.
Кашаннан Үйсін, Найман барымталы ед,
Үйсіннің жүрген еді жетпей бойы.

Хан ұрпағы төренің тұқымдарын,
Қара күтіп, силаған тұқылдарын.
Төрелік, аксүйектік ардақты боп,
Қараның құлданыпты мұқым бәрін.
Төрелер қанға тоймас төбет болып,
Қан ішер залым бопты, сылқыл қарын.

Ел іші қашан аман дау-шатақтан,
Барымта, басып алыс болып жатқан.
Арада неше түрлі адам өліп,
Жауласып ру-ру қанға батқан.

Осы ыза Үйсін, Найман арасында
Созылып бір талайдан келе жатқан.
Осындай ұлы өштіктің аяғында
Матайды үркіп жүрген Үйсін шапқан.

Шабысып, жүлқыласып Үйсін, Найман,
Қан ағып ат баурынан болған майдан.
Төре Рүстем ұрыстың батыры боп,
Аз ауыл, үріккен елге салған сайран.

Матайдың қамап алып көшін кырған
Қақпатас осы күнгі дейтін сайдан.

Қойғандай бәрін қолмен айтар еді,
Естісең Тәйкөт пенен Бақтыбайдан.

Кешкі күн сәулесімен қызыл алтын
Көктегі жосалады бұлттың жарпын.
Белдеуге бір-бір жүйрік бапты байлап,
Жиылып жігіт-желең, жеңіл тақым.

Үріккен ел дөңде өркегі елегізіп,
Кұралып отыр еді кешке жақын.
Тамыздың тас балқытқан ыстық күні
Қайтқан соң тартып еді қоңыр салқын.

Жабырлай өзен бойын тіккен жаппа,
Байлаулы жүйрік аттың бәрі бапта;
Шашағын желең желпіп. желкілдетед
Шаншулы сырлы найза ырғай сапта.

Шалағай, шабан-шартық мешеу кедей,
Ере алмай келіп жатыр қалған артта.
Елбіреп ұясына ілінерде,
Күн сүйед кеш артынан күміс тартпа.

Былқылдап қара құрық Матай малы,
Жер басып, аспанды алад малдың шаны.
Қой шулап, шұрқырасып қалың жылқы,
Малды елдің тыңшыған ба жазғы уағы.

Шаңқылдап шаруаға бәйбішелер,
Жастыққа тимей-ақ жүр жар құлағы.
Қайғысыз үріккен, қорыққан есінде жоқ,
Шалшықта шапылдасад балалары.

Неліктен ауыл әрін басқан қайғы,
Күні екен жабырқанқы бір талайғы.
Еліктей жосымалы ел керіп пе едің,
Қаңғырған қалың дүлей, ну тоғайды.

Пысық күн аспандағы талмай жүзген,
Әлсіреп қиғаштады қыңыр жүзбен.
Ауырып жан қиналып өлетіндей,
«Сүнгідім, хош!» дегендей көзін сүзген.

Сырғанап күйіп, жанып солғындады,
Құрылып мыс шымылдық торғындалды.
Жер жүзін қайғы басып күн өлгендей
Тау мұңайып, жел гулеп, су шулады.

Бақсыз ел үріккен қойдай сорлы, бейбақ,
Шошымал жүрек қаны салады ойнақ.
Ешкідей ерттен үріккен көзіменен
Көреді кешке жақын бейбақ — бей уақ.

Ақсақал дөңестегі бөркін киді,
Алдаға ақшам оқып басын иді.
Пыюқырып қолаттағы тарлан жылқы,
Жұлады күртілдетіп жасыл шиді.

Құшақтап суға барған қызды жігіт,
Қымсынтып қысыр тайдай қысып сүйді.
Қатындар қосқан қойды ағытқанда
«Жау шапты елді!» деген хабар тиді.

Ол күнде елдің бәрі жаудан жалтаң,
Жүгі жоқ, астығы жоқ, кеші салтаң.
Жалғыз-ақ сал ауыру, жас баламен
Жанына шал, кемпірдің тиді қатаң.

Ол күнде шешілген бе түйеден қом,
Ел үрікпей тұра ала ма жау шапқан соң.
Көксудан түнде шулап, үркіп өтті,
Бет түзеп көп Найманға қайдалап Жон.

Кәрі екен Олжабай шал тоқсандағы,
Қиын ғой елдің оған тоқталмағы.
Үй тігіп кеп баламен тастап кетті
Әкеліп бір жыраға оқшаудағы.

Калың ел үркіп кетті қайта босып,
Жылқымен дені сау жас бірге жосып.
Аңрайды айдалада бір топ бала,
Шулаған дауыстарын желге қосып.

Аспанда Нанжік жұлдыз жымындайды,
Желменен талда жапырақ сылдырайды.



Жар соғып, қараңғыда салдыр қағып,
Көпіріп алып Көксу құлдыранды.

Түн тынық, қоңыр салқын, маңай ың-жын,
Жалғыз-ақ су сылдырайд шында шым-шым.
Алыста кара қарға каркылдайды
Қылғаандай сайқымазақ түнді шылжың.

Жалғыз-ақ үкі ұшады қоян іліп,
Аулакта анырайды касқыр ұлып.
Бір мезгіл сызат алып таң білінді,
Қара түн касарысып тұрып-тұрып.

Кызарды аспан жанып өртенгендей,
Шык жылап тұра ала ма мөлтендемей.
Оранып алтын үзік күн де шыкты
Астынан бақанменен көтергендей.

Бұл түнде қолды бастап қалын лашкер
Рүстем төре жүріп ед бірталай жер.
Күн шыға Көксуға кел қол түскенде,
Жоқ екен шалғыншы айтқан кешегі ел.

Рүстем қолды даптап ызаланды,
Бауырлап көкбурьлды осып қалды.
Жете алса Жон асырмай килігуге
Кеш өткен өткелге әкеп қолды салды.

Күн жылжып көтерілді көкке таман,
Қызарып болғаандай боп бұлан талан.
Айбалта күн астында жаркылдайды,
Коксейді сүйір найза сүңгуге қан.

Лыкылдап қол келеді шеру тартқан,
Ел шаппак, олжаламақ, қан күмартқап.
Ол күнде батыр құдай, төре әулие,
Қарада қасиет аз, көз алартқан.

Жасанған жасақ тегіс мінген жүйрік,
Рүстем «Жылдам жүр!» деп қылды бұйрық.
Саркөлдiң осы күнгі мойныменен
Сансыз қол салып кетті бұлаңқұйрық.

Көксудан кеше үріккен ел күн батарда,
Біреуді біреу білмей лыксып шаңға.
Шұбырып жаяу-жалпы, арып, талып
Жығылған Ақешкіге таң атқанда.

Үй кайда — шаңқан орда? Жолым — үй, қос.
Шалуға жіберілген көліктер бос.
Матайдың шалғыншысы көрмей қалып,
Кезінде жау килікті шаңқай тал түс.

Жығылып шаршаған ел ұйықтап жатқан,
Азамат ат міне алмай қапы қатқан.
Жасанған жау қырмандап ен-жар елді,
Бауыздап, қырып-жойып қырғындатқан.

Бұл шабыс кешке шейін болған ұдай,
Ел тозған біреу олай, біреу былай.
Қара қайың сырықпен қайрат қылып,
Жау бөгеп қайрат қыпты Қайнар Ырай.

Қайрат қып сілтегенде қайың сырық,
Алмадай домалатқан талайды ұрып.
Ақ сақалы белінде, зор кісі екен,
Жетпістің мол ішіне кеткен кіріп.

Қу сақалды жайғамай болмайды деп,
Рүстем атқан екен дәлдеп тұрып.
Ырайға өндіршектен кадалған оқ,
Құлаған қанға меңдей шоқыдай боп.

Қорқырап жаны шықпай жатқанында,
Найзамен алады екен сұғып-сұғып.
Келіні Арда сұлу жауға кіріп,
Ырайдың басын күшқан Арда келіп.

Айы толған ақ сұлу буаз екен,
Наркескенмен тастаған ішін тіліп.
Найманның да тұқымын құрттық десіп,
Шыға берген баланы найзаға іліп.

Күн қайтып, ол өзінше болды бесін,
Санайсын сасық қырғын оның несін.

Ен елді жасанған жау кырмандады,
Айтасын оның несін олжа үлесін.

Күн қайтып ыстық тамыз салқындады,
Шалғындар қан суарған былқылдады.
Қара су, қалың камыс, жүлге өзектер
Лықылдап өлімтікке қарқындады.

Әр жерде кесілген бас, туралған сан,
Қаракұс, қарға шоқып қарқылдады.

Жотасын Жонның жорық, майдан қылып,
Матайды Үйсін шауып қайтты қырып.
Таласып талап алған олжасына,
Мал айдап ылықсыған қаракұрық.

Қоспақ інген, бәйбіше биелер мен
Кез өркеш атандар бар, аттар жүйрік.
Шаңдатып ұлаң азар Жонның бетін
Айдады кешке таман Үйсін сырып.

Үйсіндер байлап алған Сатайды ұрып,
Салбырап Сатай келед әлі құрып.
Сатайдың екі сұлу қарындасын
Салады ат артына мінгестіріп.

Сатайды өлтірмекші болды Рүстем,
Басына Дауылбайдың шығып тұрып.

Қайғырып жасағандай кызыл тұлды
Жалындап күн өртеніп жерге ұсынды.
Қалың малды қаптата жаба салып,
Шоқыға шоғырланып шығып тұрды.

Көк мылқау, жер ауыру сықымданып,
Булығып саулап тұрған жел де тынды.
Денесін жауған кардай аппақ қымып,
Сатайды жалаңаштап шешіндірді.

«Қаныңды, жау Найманым, ұрттаймын!..» деп,
Рүстем қамшыменен осып ұрды.